Научная библиотека вошла в историю веб-сайтов Казахстана как одна из первых разместивших свой электронный каталог в Интернете. Помимо большого количества бумажных книг есть отдельный зал с электронными книгами, что расширяет возможности студентов. А также специальный зал, обустроенный компьютерами, где студенты в свободное время могут позаниматься.

В КазНУ активно реализуется научно-инновационный проект «Al-Farabi university smart city», в основе которого лежит учение великого мыслителя аль-Фараби об идеальном городе.

Реализация новой модели университета позволит на основе синергии технологических и духовно-нравственных концептов продемонстрировать инновационные подходы к развитию современного общества.

«Умные университеты – залог создания интеллектуальной нации, основа Smart-городов нашей страны, которые в итоге создадут Smart-Казахстан

Т. ХАКИМОВА,
Н. БАЙМУЛДИНА,
доценты кафедры информатики

Сорбоннамен салыстырсақ...

Ел іргесі бекіп, тәуелсіздік тұғырына қонғаннан кейін бұрынғы жабық кеңістік ашылып, сырт елге көз тігіп, мәдени, әдеби, экономикалық және т.б. байланыстар орнап, ауыс-түйіс басталды. Сол кездері бірқатар шетелдерде болып қайтқан жайым бар еді. Нью-Йорктегі Колумбия университетін, Прагадағы Карлов университетін, Париждегі Сорбонна университеттері сияқты алып оқу орындарын көру бақытына ие болғанымды мақтаныш етемін.

Батыс, Европа елдерінің білім ошақтары - байырдан маман дайындап, оқу үдерісінің негізін берік етіп қалап алған ордалар. Аталмыш университеттердің іргесі ежелден қаланған. Мысалы, Сорбоннаның тарихы XII ғасырға дейін басталған, Париж университеті бірнеше шіркеу мектептерінің біріктіріліп, Еуропадағы алғашқы университеттер ашыла бастаған кезде пайда болды. Бастапқыда ол 4 факультетке ие болды: еркін өнер, канондық құқық, медицина және теология. XIII ғасырда университет Еуропадағы ең ірі оқу орынының бірі болды. 1229-1231ж. ереуілден кейін университет жергілікті өзін-өзі басқару құқығын алды, тікелей Рим папасына берілді. 1257 жылы теолог Роберт де Сорбон конфессиялық колледжді Парижде аз қамсыздандырылған балалар үшін ашады. 1554 жылы колледж Сорбонна деп аталып, біртіндеп Париж университетінің теологиялық факультетімен біріктіріледі. XVII ғасырда Сорбонна атауы бүкіл Париж университетіне таралды.Білім ордасының қаржылық жағын арнайы лауазымды тұлғалар басқарды. 1790 жылдан 1807 жылға дейін Сорбонна колледжі діни мектеп ретінде өмір сүрді. 1808 жылы Наполеонның бұйрығы бойынша, оның ғимараттары Париж университетінің қарамағына берілді.

Білім беру сапасы жағынан еуропалық үздіктер қатарындағы аталған университеттер 12-13 ғасырларда пайда болғандықтан, ғимараттары өте көне. Ал ҚазҰУ-дың ғимараттары заманауи әрі жаңа, әсем болып үйлестірілген.

Парижде «Елисей даласы» деп аталатын ұзындығы 1915 метр, көлденеңі 71 метр болатын көше бар. Ол – француздардың ұлы қолбасшысы Наполенның жеңісіне арналған триумфальды аркаға барып тірелетін орталық көше. Салыстыру деген философиялық категориямен қарайтын болсақ, ҚазҰУ -дың білім қақпасынан басталатын аллея сол Елисей даласынан артық болмаса еш кем емес. Батыстық та, шығыстық та стильді қамтыған безендіру, көгалдандыру жұмыстырының нәтижелері тамаша әсерге бөлейтіні анық. Шығыс жақтан шауып келе жатқан бір табын арғымақтың бейнелері кең даламыздың символы іспетті. Раушан гүлдері көмкеріп тұрған аллеяны жарқыраған шамдар тіптен асқақтандырып жіберген. Жылдан жылға жайнай түскен ҚазҰУ алаңы көз тойғысыз түрленуде. Мұның өзі шәкірттер үшін рухани үрдіс сыйлары анық.

Ал, білім деңгейіне келетін болсақ, оқу орнының алдына қойып отырған бірқатар мақсаттарының бірі де, бірегейі де – әлемнің «Топ 200» жетекші ғылыми-зерттеу университеттер құрамына ену. Яғни, классикалық ұлттық университеттен әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу. Мұндай әлемдік деңгейде танымал оқу ордасы болудың болашағы зор. Қазіргі сандық технология заманында келешектің дамуы инновациялық бағытқа тәуелді екендігін айқындап берген құжат – мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы екені мәлім. Осыған орай Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуі де білім мен ғылымға, иннновацияға негізделеді. Елдегі білім мен ғылымның дамуының қозғаушы күшіне айналып отырған оқу орындарының бірі ретінде Қазақ ұлттық университеті мемлекеттің экономикасын дамытатын ғылым салаларына баса көңіл бөлуді мақсат етіп отыр.

Қазіргі уақытта әлемдік ғылыми мектеп ҚазҰУ-да жалғасын тауып, ғылымда лайықты орын алып отыр. Әлемдік дәрежедегі университет деңгейіне жету ендігі мақсат болып отырғаны – сол үшін тер төгіп жүрген ғалымдар мен көмекші құрам қызметкерлерінің еңбектерінен және жаңашыл, талапшыл ғалым, академик Ғалым Мұтанұлы Мұтановтай басшының ұжым алдына қойған талаптарынан да байқалады. Дүние жүзі білімгерлерін табындырып отырған білім ордаларымен иық тірестіру орасан еңбектің жемісі. 1934 жылы іргесі қаланған, биыл 85-ке келіп отырған білім ордасының жетістіктерін әлі талай салыстырып, жемісті де, жеңісті қадамдарын үлгі ететін күндер алыс болмағай...

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
журналистика факультетінің профессор м.а.

Преподаватели и студенты Шанхайского университета политики и права (КНР) приняли активное участие в Летней школе, организованной КазНУ

28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні

Тол мерекелеріңізбен, журналистер!

28 маусым – елімізде бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің, сонымен бірге байланыс саласы мамандарының кәсіби мерекесі.

Осынау мереке, алғашында 10 мамырда атап өтіліп келді. Себебі 1870 жылы дәл осы күні қазақ тіліндегі алғашқы басылым – «Түркістан уәлаяты» газетінің алғашқы саны жарық көрген еді. 1997 жылы бұл дата өзгертіліп, журналистердің кәсіби мерекесі БАҚ туралы қазақстандық алғашқы заң шыққан күн 28 маусымға белгіленді. Ол «Баспа және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚазКСР Заңы деп аталды. Сол жылдан бастап тілшілер мерекесі маусымның соңғы жексенбісінде атап өтіліп келді. 2011 жылдың қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі кәсіби және басқа да мерекелер тізімінің жаңа редакциясын мақұлдады. Оған сәйкес, 28 маусым Байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып бекітілді.

Журналистика – жауапкершілігі жоғары жанкешті сала. Сондықтан, әр жазған ақпараттан – мақалаға дейін салмақпен қараймыз.

Уақыт философиясына үңілсек, ақпараттың жылдам көнеленуі байқалады. Бұл дегеніміз– сағат, тіпті минут, секунд сайын ақпаратты жаңартып отыру керектігі. Бірақ, біз барынша жаңа ғасырдың жылдамдығына бейімделіп келеміз. Уақыт талабына бейімделу дұрыс та шығар, бірақ желдей ескен жедел ақпарат та адамға аздық етеді. Сондықтан, оқырман байыпты, салмақты, салиқалы, зерттелген материалдарды іздеп оқиды. Бұқаралық ақпарат құралының қай саласы болса да, өз маңызы, айтары, пайымы, жеткізу жолы бар.

Журналистер – уақытпен санаса бермейтін халық. Мерекелік күні де, демалыс күні дамылсыз қызмет етуге тура келетін сәттер жиі кездеседі. Халықтың қамын күйттеп, мәселе көтереді, ал өздері туралы ешкім жаза бермейді. Сондықтан да, ел есінде – елеусіз қалып қоятын мамандық иелерін қай уақытта да марапаттауға тұрарлық екенін айтқымыз келеді.

Біз еліміздегі теле-радио, газет-журнал, веб-сайттарда жұмыс жасап жүрген барша әріптестерімізді және қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі мен "Қазақ университеті" газеті ұжымын және журналистика факультетінің оқытушы-профессорлар құрамын осынау айтулы төл мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. Қаламдарыңыз қарымды, еңбектеріңіз жемісті болсын! Шаңырақтарыңыздан шаттық, жүздеріңізден күлкі кетпесін! Мереке құтты болсын, әріптестер!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
«Қазақ университеті» газетінің Бас редакторы

Заманның қай ғасыры болмасын бағасы таразыда өлшенбес құндылық бар. Ол – білім. Адасқанда жол көрсетер, қараңғыда жарық болатында осы. Қай мемлекеттің білім сапасы мықты болса, сол елдің болашағы да баянды болмақ. Тәуелсіздіктің тізгіні қолымызға тигеніне ширек ғасыр болса да, еліміздегі білім саласы уақытпен таласа дамып келеді. Қазақстанды дамыған елдер қатарына кіргізетін, терезесін тең ететін де – білім. Кез келген кісенді кілтсіз ашатын – қуатты қару. Әу бастан білімнің күшіне сене білген бабаларымыз «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», – деп оқу-ағарту ісіне көп назар аударған.

Білім – биікке жеткізеді

Азаттық алғаннан бері елімізде білімді, дарынды, жалынды жастарды тәрбиелеу Елбасымыздың күн тәртібінен түскен емес. Кез келген оқу-ағарту саласына қолдау көрсетуден еш жалыққан емес. «Терең білім тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны»,–деп білімнің маңызын ұғындырып келеді.

Мемлекетте білім сапасын жақсарту талантты, талапты ұстаз дайындаумен қатар, оқу ордасы да зор маңызға ие. Шеберлігіне шаң жұқтырмас маман дайындай білетін оқу ордалары елімізде баршылық. Солардың ішінде бірі де бірегейі талай дарабозды ұясынан баптап ұшырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 1934 жылы іргетасы қаланған оқу ордасы 85 жыл бойы білім саласына айтарлықтай зор үлес қосумен келеді. Сапалы білім берумен қатар білікті маман дайындауда еліміздегі ғана емес, орта Азия елдерінде де алдыңғы қатарлы білім ордасы. Сонымен қатар, оқу орны аясында білімді жастарға қолдау көрсету үшін бар жағдай жасақталған. «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «ҚазҰУ студенті оқуға міндетті 100 кітап», «Жасыл қалашық», «Әдемі дене мәдениеті» сияқты көптеген жобалар жүзеге асырылып келеді. Бүгінде еліміздегі білімнің алтын ордасына айналған ҚазҰУ-дан ұшқан әрбір түлек еліміздің өркендеуі үшін толассыз еңбек етумен келеді. Кез - келген саланың шеберін дайындау ұстасынан басталады. Осы орайда өз кәсібінің майталманын дайындауда қажырлы үлес қосып келе жатқан ұстаздардың еңбегін елемей кетуге болмас. Осындай білім мен шеберлікті тең ұштастырған оқу ордасының дарынды жастары тұрғанда еліміздің болашағы баянды боларына сенбеске еш негіз жоқ. Адамзат баласына берілген тозбайтын, тот баспайтын қымбат игілікті иелену дұрыс оқу орнын таңдаудан басталады. Жаңашыл ғасырда Ұлы даланың ендігі тізгіні парасаты пайымды жастардың қолында. Өркениетті еліміздің болашағын білімді жастармен бірге жарқын қылайық.

Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
заң факультетінің аға оқытушысы

ИННОВАЦИЯҒА ҮЙЛЕСІМДІЛІК ҚАЖЕТ

Соңғы онжылдықта жасөспірімдер кітапханасының әлеуметтік рөлі, оның қызметі мен бағыттары қатты өзгерістерге ұшырауда. Атап айтсам, кітапхана бағыттарының ішінде, әсіресе библиографиялық қызметі әлеуметтік-мәдени және технологиялық факторларға байланысты неғұрлым инновациялық сипатқа ие болып жатыр.

Бүгінгі күні жастардың әлеуметтік үдерістерге белсенді қатысуы жасөспірімдер мен балалар кітапханаларының жалпы және кәсіби білімге деген қызығушылығын оятып, жастардың шығармашылыққа назар аударуына көмектеседі. Жасөспірімдер кітапханаларының қазіргі даму тенденциялары қарама-қайшы деп танылуда. Біріншіден, кітапханалардың біркелкі орналаспауы (бір өңірлерде балалар мен жасөспірімдер кітапханалары жабылып немесе балалар кітапханасы ғылыми кітапханалармен біріктіріледі, басқаларында–ОКЖ және әмбебап ҰБ жаңа құрылымдық бөлімшелері ретінде ашылады), жеткіліксіз қаржыландыру, жастарды қызықтыратын мәселелер бойынша қорларды жинақтау, сондай-ақ техникалық жарақтандырудың төмен деңгейі себеп болып отыр. Екіншіден, балалар мен жасөспірімдер кітапханалары жаңа ақпараттық технологияларды меңгерумен, кәсіби сананың өзгеруімен, өткен тәжірибені қайта бағалаумен, кәсіби инновациялық шығармашылықтың өзектілігімен және басқа да факторлармен байланысты кітапхана саласының қарқынды дамуына енгізілген деп қарастырылып жатыр.

Жастарға заманауи кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету мәселесі дәстүрлі және инновациялық әдістермен қызмет көрсету формаларының үйлесуімен сипатталады. Жасөспірімдер кітапханаларындағы библиографиялық процестерді автоматтандыру, оларды интернетке қосу, электрондық библиографиялық ресурстарды қалыптастыру мен библиографиялық қызмет көрсетуді қарқындатуға мүмкіндік беруде. Бүгінгі таңда жасөспірімдер кітапханаларының библиографиялық қызметін шынайы оңтайландыруды инновация қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, инновациялық библиографиялық қызмет жасөспірімдер мен балалар кітапханаларын белгілі бір өңір мен елдің қалыптасатын бірыңғай ақпараттық кеңістігіне қосатын бірден-бір құрал болып табылып отыр.

Қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар кітапханаларының инновациялық библиографиялық іс-тәжірибесі теориялық деңгейде жүйелі зерттеліп, толық жинақталмаған. Сол себепті де балалар мен жасөспірімдер кітапханаларының библиографиялық қызметін жаңартудың жағымсыз жақтарын болдырмау үшін инновациялық библиографиялық қызмет мәнінің теориялық аспектілерін жан-жақты зерттеп, оны іске асырудағы ерекшелігін бөліп көрсету керек. Сонымен қатар, инновациялық библиографиялық қызметтің мазмұнын жинақтап, оны құрылымдау, оған ұйымдастырушылық жағдайлардың әсерін анықтау, оның тиімділігін бағалау жолдарын табу қажет. Инновациялық библиографиялық қызметтің мәні мен ұйымдастырушылық аспектілерін ашу арқылы біз жасөспірімдер мен балалар кітапханасы жағдайын анықтай аламыз. Осылайша, библиографиялық қызметті дамытуға бағытталған әлем кітапханаларындағы қызметтер мен бағыттарды өз елімізге тәжірибе жүзінде іске асыруымызға болады деп есептеймін.

Марал ШИНЖИРХАН,
тарих, археология және этнология факультетінің 4-курс студенті

ҚазҰУ-дың Студенттер құрылыс жасағында 150 студент тұрмыстық-шаруашылық және құрылыс жұмыстарын атқаруда

ВРЕМЯ МОЛОДЫХ

Экономическое и социальное процветание, безопасность страны напрямую зависят от знаний и интеллектуальных ресурсов молодого поколения. Молодёжь независимого Казахстана является главным его достоянием, потенциалом и будущим. Это поколение, которое знает,чего хочет и куда ей стремиться.

В целях вовлечения в процессы социальной модернизаций страны студенты 1 курса исторического и географического факультетов провели мероприятие на тему: «Мен жастарға сенемін!» С докладом выступила Макпал Мухаммедова, которая считает, что участие в подобном патриотическом фестивале - это праздник для каждого студента КазНУ.

«Легко ли быть молодым в современном казахстанском обществе? Легко. Для нас создаются все условия. К нашему мнению прислушиваются. Мы - двигатели прогресса! Я вижу будущее Казахстана без ссор и конфликтов. Казахстан - наш дом, а значит нам должно быть в нём уютно. И задача живущих в нем людей - создавать хорошую атмосферу, ведь всё в наших руках!» - отметил в своем выступлении студент географического факультета Серик Динмухаммед. Также он рассказал о том, что во Дворце студентов состоялся форум студентов, посвящённый году молодёжи РК, в котором приняли участие больше 2000 студентов и представителей молодёжных организаций.

Немаловажно отметить выступление Аяулым Лукпановой: «А кто знает логотип года молодёжи? Он утвержден в Казахстане и авторы объяснили, что это стая журавлей, которая символизирует вечную молодость, счастье и удачу. Особый смысл в цветовой гамме: красный цвет символизирует любовь, смелость, труд, жёлтый цвет - позитивную энергетику, праздник, солнце, голубой - творческий потенциал и дружелюбие, синий – благодарность, оранжевый - символ опоры, стабильности, радости».

С заключительным словом выступила старший преподаватель кафедры филологии и мировой литературы А.М. Байгушикова. Она поблагодарила студентов за активное участие и отметила, что забота о мире и согласии включает в себя формирование всесторонне развитого, культурного, патриотического поколения с высоким чувством любви и преданности Родине. XXI век – это эпоха не только глобальных вызовов, но и время молодых, энергичных и талантливых людей. Главное в жизни - это знания, высокий профессионализм и преданность Родине. У молодежи большой потенциал сил, энергии, творчества. Поэтому важно направить всё это на осуществление главной цели в жизни.

К. КУНАПИЯЕВА,
А. БАЙГУШИКОВА,
кафедра русской филологии и мировой литературы

Алғашқы БАСПАЛДАҚ

Он бір жыл бойы мектеп қабырғасында оқып, еңбектеніп, соның жемісіне ҚазҰУ-да оқу деген бақытқа ие болдық. ҚазҰУ-мен үшін болашақ миллион мүмкіндіктердің алғашқы баспалдығы.

Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Биыл біздің осы оқу ордасына келуімізбен тұспа-тұс, қара шаңырақ оқу ордасының құрылғанына 85 жыл толды.

Университетіміз құрылған күннен бастап Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына зор үлес қосып келеді. Бүгінде ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы әлемдік көшбасшы университеттің біріне айналды. Ғылыми әлеуетті дамыту — бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтың бірі. Елбасының отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының алдына ғылыми әлеуетті арттыру мәселесін қойып отыр. ҚазҰУ — сапалы білім берумен қатар, іргелі ғылымды дамытуға да үлкен үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орны.

Бұл жер білімге ашылар қақапамен қоса, керемет ғажайыптарға толы сиқырлы мекен. Университетіміз білім сапасы бойынша елдегі ең үздік университет. Өз ішінен 16 бағытпен сарапталған 16 факльтет білімді де саналы жас ұрпақты тәрбиелеуде. Елдің дамыған 30 елінің қатарына қосылуы үшін өскелең жас ұрпақтың білім сапасы ең маңызды болмақ.

85 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — еліміздің қоғамдық өмірі мен білім, ғылым, жалпы оқу ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәгері. Университет — ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы. Қасиетті қарашаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының творчестволық талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған оқу ордасы.

ҚазҰУ — білім мен болашаққа жол ашар, дарындылар мекені.

Ақбота АЛПЫСБАЕВА,
медицина және қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі 1 курс студенті;
Гүлназ ҚАЙРАҚБАЕВА,
аға-оқытушы

В рамках статьи Елбасы «Семь граней Великой степи» студенты факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби побывали в увлекательных экспедициях по древним историческим памятникам Казахстана.

Археологическая экспедиция студентов

Шиликтинские курганы, величественный Тарбагатай, древний Баласагун, колыбель тюрков Алтай, Ботайская культура – за время прохождения практики молодые археологи показали настоящий труд будущей профессии и умение адаптироваться к любым природным условиям.

Студенты приняли участие в раскопках исторических памятников, практиковались в изучении методики археологических исследований. С целью ознакомления с ювелирным искусством ранних кочевников состоялись уникальные экспедиции к памятникам Елеке-сазы, Бесоба, Иссык.

«Наша земля, без преувеличения, стала местом, откуда происходят многие предметы материальной культуры. Многое из того, без чего просто немыслима жизнь современного общества – было в свое время изобретено в наших краях» - говорится в статье Елбасы. Практиканты побывали и в некогда знаменитом городище Великого Шелкового пути – древнем Баласагуне. Особой ценностью всех этих мест является историко-культурный ландшафт, образованный гармоничным воздействием природы и многовековой деятельности человека, которые нашли отражение в характере исторических памятников.

Как отметил старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии Самат Сапатаев, в ходе эксперимента в археологическом комплексе «Рахат», расположенном в Енбекшиказахском районе Алматинкой области, были проведены раскопки кургана раннего железного века и тюркского периода.

По словам участников экспедиций, поездка позволила воочию увидеть старинные находки, то, откуда берет свое начало наша история. Особенно понравилась возможность проживания вне города, на природе, исследование науки таким образом. Благодаря приобретенному опыту, студенты смогут продолжить научную деятельность в магистратуре и докторантуре, определиться с выбором тем курсовых и дипломных работ.

Несмотря на разные климатические условия, когда приходилось работать и в солнце, и в сильный ветер, ребята показали свою стойкость и преданность профессии. Они научились готовить на всю команду, жить вместе в палатках и тренировать выносливость.

Практика помогла студентам обновить теоретические знания по археологии, расширить их по пунктам, затронутым в статье «Семь граней Великой степи», и познакомиться с интересными артефактами истории Казахстана для продвижения их в будущем.

Соб. корр.

В ЦОС «Керемет» прошла акция «Будь в тренде! Цифровизируйся!» по самостоятельному получению госуслуг через приложение «Telegram»

ЖАН МЕН ТӘННІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

2014 жылғы 11 желтоқсандағы қарарға сәйкес БҰҰ Бас Ассамблеясы 21 маусымды Халықаралық йога күні деп жариялады. Жалпы йога – тән мен ақылдың және рухтың өзара үйлесім табуына бағыттайтын жаттығулар мен практикалар жиыны. Бүгінде бұл салаға елімізде қызығушылы пен сұраныс артқан.

Салтанатты мерекеде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Прабхат Кумар, БҰҰ Қоғамдық ақпарат департаментінің өкілі Властимил Самек, "Масимов сауықтыру орталығы" ЖШС Бас директоры – Иманмади Қалелхан және де Мәсімовтер әулетінен Айдын Сүлеймен шараның құрметті қонағы болды. Сондай-ақ Қазақстандағы йога орталықтарының өкілдері, оқытушылар мен студенттер және де қала тұрғындары қатысты. Сонымен қатар аталмыш шарада қоғам қайраткері, Қазақстан йога қауымдастығының құрушысы және президенті болған Қажымқан Мәсімовтің де есімі ерекше аталып өтті.

Салтанатты шара Үндістанның шам жағу дәстүрінен бастау алып, Қазақстанның үздік нұсқаушылары йоганың әр түрлі элементтерін, қимыл қозғалыстарын көрсетіп, «Чандра намаскар» – «Айға сәлемдесу» атты тәжірибелік сабақтар өткізумен сабақтасты. 177-ден астам елде орындалып жатқан йога жалпы хаттамасына байланысты йоганың ерекше элементтері жиналған көпшілік пен бірге орындалды.

Сонымен қатар шара барысында сөз алған Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Прабхат Кумар жиналған барша қауымға өз алғысын білдірді. «Йога – ежелгі үнді дәстүрінің баға жетпес сыйы. Ұстамдылық пен үйлесімділік, табиғатпен біртұтаста болуға талпыну адамның тәнін ғана емес сонымен қатар жанын да емдейді. Қазақстанда йоганың күн санап дамуына байланысты, биыл Үндістан елшілігі Қазақстан қалаларында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осы орайда ҚазҰУ басшылығына аталмыш шараға белсенді үлес қосып жатқаны үшін ерекше алғыс айтқым келеді», – деді елші.

ҚазҰУ ректоры барша жиналған қауымды V Халықаралық йога күнімен құттықтады. «Адамзаттың тәні мен жанын үйлесімділікте ұстап тұруға бағыт-бағдар беретін шаралардың қоғамымызда күн санап дамуы, бүгінгі ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстаудағы белсенділігі мен тән мен жаны үйлесімділік тапқан тұлға болып қалыптасып келе жатқандығының белгісі. Осы орайда қоғам қайраткері, елімізге алғашқылардың бірі болып йоганы дәріптеуші дара да дана тұлға Қажымқан Мәсімовтың аталмыш саладағы ерен еңбегін ерекше атап өткім келеді. Осыған байланысты ҚазҰУ-да алдағы уақытта Қажымқан Мәсімов атындағы йога залы ашылатынын айтқым келеді. Өйткені ер есімі мен ерен еңбегі әрдайымда ел есінде болып, келер ұрпаққа үлгі болуы тиіс»,– деді Ғалым Мұтанов.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының 2-курс магистранты

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Тілшілер: ***Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***
Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***
Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №963

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген